

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзара сақтандыру қоғамдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 22 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6158 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы қабылдануына байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. <*>

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 128 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Агенттік Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген, 2008 жылғы 15 қарашада № 11 Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі,

пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықта:

кіріспедегі ", оның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) берген лицензия негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

5-тармақтың 4) тармақшасындағы "(уәкілетті орган берген лицензия негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін 150 000 000 теңгеден аспайтын мөлшерде)" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақтың 5) тармақшасындағы "(уәкілетті орган берген лицензия негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін 100 000 000 теңгеден аспайтын мөлшердегі)" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган берген лицензия негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымынан басқа" деген сөздер алынып тасталсын;

19-тармақ алынып тасталсын;

21-тармақ алынып тасталсын;

22-тармақтың 3) тармақшасы "егер мұндай өтеу" деген сөздерден кейін " қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен толықтырылсын;

23-тармақтың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

26-тармақ алынып тасталсын;

28-тармақ алынып тасталсын;

32-тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

41-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын;

2-қосымшадағы:

"1. "Сыйлықақы әдісін" пайдаланған кездегі төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшерінің есебі" деген кестеде:

коды 1020-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

А	а р а л ы қ	ж и ы н т ы ғы :	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "1010" > 1 500 000 000, онда $[1\ 500\ 000\ 000 \times 0,18 + ("1010" - 1\ 500\ 000\ 000) \times 0,16]$; егер "1010" < 1 500 000 000, онда "1010" x 0,18)			1020

";

"2. "Төлем жасау әдісін" пайдаланған кездегі төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшерінің есебі" деген кестеде:

коды 2000-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшері ("төлем жасау әдісі"): Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "2030" > 1 000 000 000, онда $[(1\ 000\ 000\ 000 \times 0,26 + ("2030" - 1\ 000\ 000\ 000) \times 0,23) \times "1300"]$; егер "2030" < 1 000 000 000, онда "2030" x 0,26 x "1300")	2000
--	------

";

"4. Жалпы сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебі" деген кестеде:

коды 111-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғы капиталы	111
--	-----

";

коды 200-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Нақты төлем қабілеттілігі маржасы есебіне енгізілген сома: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400" барынша төмен шек), онда 0,5 x ("100" немесе "400" барынша төмен шек); егер "211" < 0,5 x ("100" немесе "400", барынша төмен шек), онда "211")	200
--	-----

";

"** - уәкілетті орган берген лицензия негізінде өзара қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін бұл толтырылмайды" деген символдар мен сөздер алынып тасталсын;

3-қосымшада:

"3. Жазатайым жағдайлардан сақтандыру және науқастану жағдайына байланысты сақтандыру сыныптары үшін" деген кестеде:

коды 3200-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

А а р а л ы қ Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "3100" > 1 500 000 000, онда $[1\ 500\ 000\ 000 \times 0,18 + ("3100" - 1\ 500\ 000\ 000) \times 0,16]$; егер "3100" < 1 500 000 000, онда "3100" x 0,18)	жи ы н т ы ғ ы : 3200
---	--------------------------

";

коды 3600-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшері ("төлем жасау әдісімен"): Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін (егер "3500" > 1 000 000 000, онда $[(1\ 000\ 000\ 000 \times 0,26 + ("3500" - 1\ 000\ 000\ 000) \times 0,23) \times "3300"]$; егер "3500" < 1 000 000 000, онда "3500" x 0,26 x "3300")	3600
--	------

".
,

"5. Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебі" деген кестеде:

коды 111-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төленген жарғы капиталы	111
---	-----

".
,

коды 200-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Нақты төлем қабілеттілігі маржасы есебіне енгізілген сома:	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400", барынша төмен шек), онда 0,5 x ("100" немесе "400", барынша төмен шек); егер "211" < 0,5 x ("100" немесе "400", барынша төмен шек), онда "211")	200

".
,

"** - уәкілетті орган берген лицензия негізінде өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы бұл жолдарды толтырмайды" деген символдар мен сөздер алынып тасталсын;

5-қосымшада:

реттік нөмірі 8009-жол мынадай редакцияда жазылсын;

"

8009	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төленген жарғы капиталы
------	---

".

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының жауапкершілігін өзара сақтандыру қоғамдарын құру және олардың қызмет ету ерекшеліктері туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы № 157 қаулысының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4783 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қаракұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

6. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова